



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

МАҢЫЗДЫ
СҰРАҚТАРҒА
ЖАУАП

Брошюра Қазақстан Республикасының Денсаулық
Министрлігінің тапсырысы бойынша және
Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықтың
қоныстануы саласындағы қорының қаржы мен
техникалық көмегімен дайындалған:

Нұр-Сұлтан қаласы

Азербайжан Мамбетов к-сі, 14

Тел: +7 7172 6965 38

Қазақстандағы ЮНФПА сайты:

kazakhstan.unfpa.org

Брошюраны дайындаған «Вереск 8» және Étage Group.

A large, stylized illustration on the right side of the page depicts a person's head and shoulders. The person has a large, white, circular eye with a black pupil, looking upwards. Their hair is represented by a yellow circle with several small blue dots. The person is wearing a red garment. The background of the illustration is a blue circle with a small white heart shape. The entire illustration is set against a solid orange background.

Папиллома туралы біл

Папиллома туралы біл



Адам папилломасы вирусы немен қауіпті?

Сүйелдердің қандай болатынын білетін шығарсың. Ал олар неге пайда болады? Бірден айтайын, бақа мен құрбақаның кесірінен емес. Бұл жерде адам папиллома вирусы кінәлі (АПВ). Өкінішке қарай, олар мұнан да басқа қауіпті ауруларға себепші болады.

АПВ деген не?

АПВ — бұл адам папиллома вирусы. Бұл вирустың көптеген түрі тері мен шырыш қабатында қатерсіз өзгерістерді тудырады (соның ішінде сүйел), бірақ папиллома вирусының кейбір түрлері қатерлі ісік тудырады.

Адамдар папиллома вирусын қалай жұқтырады?

Әртүрлі жолмен! Мысалы, қол алысу немесе жыныстық қатынас арқылы. Тері немесе шырышты қабық жанасқанда вирус денеге енеді. АПВ-ны жұқтыру оңай, сондықтан адамдардың 80%-ы өмірінде бір рет болса да осы вирусты

жұқтырады. Жұқтырғаннан кейін вирус ағзада ұзақ уақыт тіршілік ете алады, бірақ бұл адам ауырады дегенді білдірмейді. Өзінде вирус бар екені туралы білмеуі де мүмкін. Егер адамның иммунитеті жақсы болса, ауру белгілері болмауы мүмкін.

Көп жағдайда адамның қорғаныс жүйесі вирусты бірнеше ай немесе бірнеше жылдың ішінде жойып жібере алады. Бірақ кейде вирус адам ағзасына еніп, сансыз еселенуі мүмкін, сол кезде қатерлі ісік немесе обыр тәрізді қауіпті аурулар пайда болады.

АПВ-ның қай түрі ең қауіпті?

АПВ вирусын әйелдер де, еркектер де жұқтырғанымен, әрі көбіне еркектер жұқтырғанымен бұл вирус әйелдер үшін қауіптірек.

Адам папиллома вирусының түрлері жүзден асады. Ыңғайлы болу үшін оларды «жақсы», «жаман» және «қатерлі» деп бөлейік.

«Жақсы» түрі салдарынан аяқ пен қолда сүйел пайда болады. Бұл жағымсыз, бірақ оңай емделеді. «Жаман» вирус немесе қатері төмен АПВ үшкір кондилом тудырады. Олар адамның жыныс мүшелерінде пайда болатын, тері түстес қатерсіз без. Олар түсті орамжапырақ пішіндес.


Әйелдерде кондилом жатыр

мойнында, қынапта, сыртқы жыныс мүшелерінде және тік ішек айналысында, еркектерде жыныс мүшесі, тік ішек айналасында және жұмалақта пайда болады. Бұларды емдеу сүйелдерді емдеуге қарағанда қиынырақ, бірақ емдеуге болады.

«Қатерлі» типті вирус бәрінен де қауіпті. Барлық жағдайда дерлік жатыр мойнының қатерлі ісігін адам папилломасы вирусының 16-түрі немесе 18-түрі туғызатыны дәлелденген. Еркектерде АПВ-сы жоғары қауіпті вирус түрі сирек жағдайларда тік ішек немесе жыныс мүшесі обырын тудыруы мүмкін.

i

Кондилом және сүйел тудыратын АПВ түрлері жатыр мойнының қатерлі ісігіне апармайды, және керісінше жоғары қауіпті вирус түрлері сүйел мен кондилом тудыртпайтыны белгілі болды.



Кондилома және
олардың орналасуы


АПВ-ның «Қатерлі» түрін жұқтыру көбіне 20-29 жас аралығындағы адамдарда жиі кездеседі. Неге?

Адамдардың көбінде бұл жасқа дейін жыныстық өмір басталып кетеді. Жыныс қатынасы кезінде АПВ жыныс мүшелеріне жанасады. Орта жастағы адамдарға қарағанда, бозбала мен бойжеткендердің жыныс серіктестері көбірек және оларды жиі ауыстырып

отырады. Сондықтан осы жастағы адамдардың жұқтыру қаупі жоғары.

Жатыр мойны обырының пайда болу қаупі 35 жастан кейін басталады. Неге?

Жоғары қауіпті АПВ жұқтыру уақытынан жатыр мойны обырының пайда болуына дейін орташа алғанда 10-15 жыл өтеді. Анализ вирустың бар екенін көрсетсе де, үрейленудің қажеті



жоқ. АПВ жұқтырғандардың бәрі обырмен ауыра бермейді. «Қатерлі» түрін жұқтырған әйелдің ішінде тек мыңнан біреуінде ғана обыр жетіле бастайды.

Біреулер ауырады, біреулер ауырмайды? Неліктен?

Егер ағзаның қорғаныс жүйесі адам папилломасы вирусын жоя алмаса, вирус жасушада қалып, уақыт өте келе обырмен ауыру қаупі өседі. Әрі қарай біз вирусты жұқтырып алуға және обырмен ауруға қандай факторлардың әсері күшті екенін айтамыз.

Егер адам жыныстық қатынасты мүшеқапсыз жасаса, бірнеше жыныстық серіктесі болса, онда АПВ жұқтыру қаупі жоғары.

Адам бойында АПВ түрлерінің түрі көп болса, соғұрлым АПВ-мен байланысты аурулар жеңіл дамиды.

Ағзада жыныстық жолмен берілетін басқа бір аурудың қоздырғышы болса, адамның иммунитеті әлсіреп, АПВ-мен күресе алмайды.

Шылым шегу адамның иммунитетін әлсіретеді.

Кейбір аурулар (мысалы АИТВ, қант диабеті) адам иммунитетіне шабуылдап, вирустарды әлсіретеді.

Жыныстық қатынасты тым ерте бастаған қыздардың ауырып қалу қаупі жоғары. Жасы 15-тен кіші қыздардың қорғаныс жүйесі вирус және бактери-амен күресуге дәрменсіз.

АПВ мен жүктілікті болдыртпайтын таблеткалар арасында қандай байланыс бар?

Жүктілікті болдырмайтын гормоналды құралдар өздігінен обырды тудыртпайды, керісінше, олардың жатыр мойны, аналық без және тік ішек обыры қаупін төмендетіні дәлелденген. АПВ жөнінде қауіптенбеу үшін гинекологқа жиі қаралу керек!

Жүктілікті болдырмайтын гормоналды құралдар өздігінен обырды тудыртпайды, керісінше, олардың жатыр мойны, аналық без және тік ішек обыры қаупін төмендетіні дәлелденген. АПВ жөнінде қауіптенбеу үшін гинекологқа жиі қаралу керек.



Қандай анализ тапсыру керек?

Егер сен жыныстық өмірді бастасаң және АПВ-ға тексерілгің келсе, дәрігермен ақылдас.

ПАП-тест

Пап-тест адам папилломасы вирусы салдарынан болған жатыр мойнында обыр ауруы бар ма деген күдікті сейілтеді. Дәрігер жатыр мойнынан клетканы алып, микроскоп арқылы қарайды. Бұл ауыртпайды. Егер клеткадағы өзгерістерді уақытында анықтаса, обырдың алдын алуға болады.

ПАП-тест — АПВ анализі емес

Егер ПАП-тест жатыр мойнындағы өзгерістерді көрсетсе, ағзада қандай вирус бар екенін түсіну үшін АПВ тестін жасату керек. ПАП-тестің нәтижесі АПВ-ның жоғары қаупін көрсетсе, дәрігер қосымша зерттеулер жасайды. Бұл профилактикалық емнің қаншалықты қажеті бар екенін көрсетеді.

АПАП-тест

Дәрігер мақталы таяқшамен қынап не ермүшеден «жұғынды» алады. Бұл анализді жасау үшін гинеколог, уролог не дерматолог-венерологқа көрін. Бұл да ауыру сезімін тудырмайды! АПВ-тест адамда АПВ-ның бар-жоқтығын, бар болса, түрінің қандай екенін білуге көмектеседі. Егер қаупі жоғары вирус табылса, бұл обырдың бар екенін немесе келешекте болатынын білдірмейді. Әдетте иммунитет вирусқа шамасы келіп, обыр дамымайды. Көбіне АПВ-тесті 30-дан кейін жасалады. Осылай жұқтырғаннан кейін ағзада вирустың қалған-қалмағанын түсінуге болады. (Есіңіде болса, ол әдетте жыныстық қатынас белсенділігі арта бастағанда жұғады.)

Адам папилломасы вирусын қалай жұғады?

«Жақсы» АПВ бір адамның терісінен екінші адамның терісіне өтеді. Есіңде болса, одан сүйел шығады. Жыныстық органдарды зақымдайтын төмен және жоғары қаупі бар вирустар жыныстық қатынас және аймалау арқылы (бір адамның терісі не шырышты қабатынан екінші адамға және керісінше) жұғады. Сондықтан осы типті АПВ арқылы жұққан ауруды **жыныстық қатынас арқылы берілетін инфекция** деп атайды.

Вирусты алғашқы жыныстық қатынас кезінде де жұқтырып алуға болады.

Егер серіктестер мүшеқапсыз жыныстық қатынасқа түссе, жұқтырып алу оңайдың оңайы. Тіпті мүшеқаптың өзі де әрқашан қорғай алмайды: вирус мүшеқап жаппаған теріден де жұғуы мүмкін. Алайда зерттеулердің көрсетуінше, еркек өз өмірінде неғұрлым мүшеқапты жиі қолданса, соғұрлым әйелдің вирус жұқтыру қаупі төмен. Мүшеқап вирустан 100% қорғамаса да, оны қолдану керек. Себебі жыныстық қатынас арқылы берілетін басқа да инфекциялар бар.

Егер адам папиллома вирусы табылса, серіктесіңді кінәлауға асықпа. Вирус адам ағзасында ешқандай белгісіз жылда өмір сүре алады.



**Өзіңді және
серіктесіңді
АПВ-дан қалай
қорғауға болады?**

Кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ бол

Жыныстық қатынасқа түспестен бұрын, серігіңнің сау екенін біліп ал. Секске дейін және кейін анализ тапсыру ақылға сыйымды практика.

Есіңде сақта: сенің не серік-тесіңнің жыныстық серіктесі неғұрлым көп болса, АПВ-ны жұқтыру қаупі соғұрлым жоғары.

i

Мүшеқапты қолдан

Мүшеқап АПВ жұқтыру қаупін төмендетеді, басқа аурулардан қорғайды, жыныстық жолмен берілетін, оның ішінде АИТВ-дан қорғайды.

Шылым шекпе

Шылым шегу ағзаның қорғаныс жүйесін әлсіретеді және обыр ісіктерінің пайда болуына әкеледі.

Дәрігерге жиі қарал

Тек қана жағымсыз белгілер пайда болғанда емес, сау кезде де қаралу артық етпейді. Жастар денсаулық орталығының мамандары денсаулық жағдайыңды тексеріп бере алады.

Обыр алды өзгерістерді тауып, емдеуге болады!

Гинекологқа жыныстық өмір басталған жылдан бастап, содан соң егер шағым болмаса, жылына бір рет көріну керек. Егер шағым болса, тез дәрігерге қарал!

Егер сенде қысқа уақыт ішінде бірден көп серіктес болса және жаңа қатынаста мүшеқап қолданбауды шешсең, **урологқа** баруды жоспарла.

Вакцинация туралы ойлан

Қызылша, сары ауру, тұмау және кене энцефалитіне қарсы вакцинация туралы естіген боларсыз. Адам папиллома вирусына қарсы да вакцинация бар. Ол кең тараған АПВ түрлерінен, оның ішінде ең қауіптілерін жұқтырып алудан қорғайды. Вакцинацияны 9 жастан бастап алуға болады.

Дұрысы, оны жыныстық өмір басталғанға дейін жасаған жөн, себебі ол кезде ағзада вирус жоқ екені күмәнсіз. Себебі вирусты тасымалдаушы әйелдер де, еркектер де болуы мүмкін, вакцинацияны қыздарға да, ұлдарға да жасаған жөн.

МАҢЫЗДЫ! АПВ-вакцина тек АПВ-дан қорғайды. Ол жыныстық жолмен берілетін басқа инфекциялардан қорғамайды. Тіпті вакцинациядан кейін де мүшеқапты қолдану керек және гинеколог/урологқа қаралу керек!



Егер вакцинация туралы сұрақтар туындаса, ата-анаңмен кеңес, отбасылық дәрігер, гинеколог, урологқа не жастар денсаулық орталығына бар.

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы сөйлесейік (ЖЖБИ):

Олар адамнан адамға жыныстық жолмен, кей жағдайда қан арқылы беріледі.

ЖЖБИ жұқпалы, ол ермүше қынапқа кіргенде, сонымен қатар оралды және аналды секс кезінде жұғады.

Оның көп жағдайда белгілері жоқ, адам ауырғанын білмейді де.

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың қайсысы кең тараған?

АИТВ, сифилис, гонорея, хламидиоз, трихомоноз, адам папиллома вирусы салдарынан болатын үшкір кондилома, жыныс мүшелерінің герпесі, гепатит В.



Есте сақта!

Жатыр мойны обыры – өте қауіпті, жиі жағдайда адам өліміне әкелетін ауру.

Жатыр мойны обыры әйелдерде ең жиі кездесетін обыр түрі.

Жатыр мойны обыры 100% жағдайда папиллома вирусы себебінен пайда болады.

Папиллома вирусы адамнан адамға жыныстық қатынас арқылы беріледі.

Жатыр мойны обыры қаупі жоғары адам папилломасы вирусын жұқтырып алған мың әйелдің бірінде жетіледі.

Жатыр мойны обыры әдетте

вирусты жұқтырып алғаннан кейін 10-15 жылдан кейін ғана басталып, жетіледі.

Жатыр мойнындағы обыр алды өзгерістерді еш қиындықсыз аңғаруға және сәтті емдеуге болады.

Мүшеқапты қолдану, дәрігерге уақытылы көріну, адам папиллома вирусына қарсы вакцинация алу тәрізді қарапайым әрекеттер өзіңді және серіктесіңді жатыр мойны обырынан қорғауға көмектеседі. Серіктестерін қорғау үшін еркектер де екпе алу қажет, олар ауырмаса да АПВ тасымалдаушысы болуы мүмкін.

Өзіңді АПВ-дан қорға

Егер көбірек білгің келсе, жастар денсаулық орталығына бар. Мамандар сенің репродуктивті денсаулық туралы кез келген сұрағыңа жауап береді

Қазақстандағы жастар денсаулық орталықтарының тізімі hls.kz/молодежный-центр-здоровья сайтында әрқашан жаңартылып тұрады.

Пайдалы ресурстар

Жүктілікті болдырмайтын құралдар, жыныстық жолмен берілетін аурулар туралы және тағы да басқа жауаптарды Қазақстан жыныстық және репродуктивті денсаулық қауымдастығының сайтынан табуға болады:

kmpakaz.org/ru

Сонымен қатар осы сайттан секс туралы негізгі сұрақтар мен жауаптар берілген «Сұрауға ұяласың ба? Оқы» атты брошюраны жүктеп алуыңа болады:

clck.ru/Fj4Gm

Uyatemes.kz — жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына арналған сайт, мамандар онлайн режимде кеңес бере алады.

Жастар денсаулығы орталығы

Есіңде сақта: сен әрқашан жастар денсаулығы орталығына (ЖДО) хабарласа аласың. Бұл жерде сен құпия түрде медициналық көмекті немесе арнайы мамандар мен психологтардың кеңесін ала аласың.

ЖДО-ға 10 мен 24 жас аралығындағы кез келген адам хабарласа алады. Бұл жерде ауруды анықтап, жыныс жолдарымен берілетін жұқпаны емдеп, жүктіліктің алдын

алатын әдісті таңдап, қалаусыз жүктіліктің алдын алу немесе, керісінше, жүктілік кезеңін қадағалау бойынша көмек береді.

Егер сенде түсініксіз ауру белгілері пайда болса, өтпелі кезеңге байланысты физиологиялық немесе психологиялық проблемалар болса, жыныстық қатынас басталса, абортқа, қиын жағдайға немесе жәбірленудің кез келген түріне тап болсаң, ЖДО-ға хабарлас. Бұл жерде сені түсініп, қолдау мен көмек көрсететінін біл.

Алматыдағы жастар денсаулығы орталығы Қалалық адам репродукциясы орталығындағы стационарда орналасқан:

Төреқұлов к-сі, 73

тел. 8 (727) 279 65 55

 @dlya_molodezhi
#МЦЗтебеноможет

